

## Каменка ауылындағы көшелерінің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Каменка ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 06 желтоқсандағы N 66 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 21 желтоқсанда N 5-17-139 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, 1993 жылдың 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес, Каменка ауылындағы 50 лет Каз.ССР, 50 лет ВЛКСМ көшелері тұрғындарының пікірін ескере отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. Каменка ауылындағы көшелерінің атаулары төмендегідей өзгертілсін:

- 1) 50 лет Каз.ССР көшесі – Қазақстан көшесіне;
- 2) 50 лет ВЛКСМ көшесі – Абай көшесіне.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өз құзырымда қалдырамын.

Әкім

*Б. Буллер*